

Чемпиондар Шығыс жұртын шаттандырып қайтты



23 тамыз 2012 | 18:08 | Спорт | Қаралған: 2426 | Пікірлер: 0

«Өскеменге Лондон Олимпиадасының чемпиондары келе жатыр!» деген қуанышты хабарды естіген қала тұрғындарында деібір қалмаған сияқты. Әуежайдың ауласындағы ат шаптырым алаңқайға халық лық толды. Қушақ-қушақ гүл шоқтарын қолтықтай келген өскемендіктердің Олимпиада жүлдегерлеріне деген ілтипаттары да бөлек.



Ильин бауырсақты жақсы көреді

Бөлек болмай қайтсін, бір ай бойы түн ұйқыларын төрт бөліп, теледидарға телмірген жұрттың үміттерін ақтаған осылар емес пе! Олимпиаданың медалінен медаль қоймай сыпырып әкететін спорт аппауыттары атанған елдердің өзін шаң қаптырып, көк туымызды желбіретіп, Әнұранымызды асқақтатып, абыройымызды асырып, мерейімізді өсіріп келген спорт сардарларына қандай құрмет жасасақ та жарасары анық.

Ұлт мақтаныштары жоспарға сәйкес алдағы күндері еліміздің барлық өңірлерін арапап шықпақшы. Ерекше атап өтерлігі, чемпиондар шеруі басқа облыстарда емес, Шығыстан басталып отыр. Өскеменге Олимпиада чемпиондары – Илья Ильин, Серік Сәпиев, Майя Манеза, Зұлфия Чиншанпо, Светлана Подобедова, сонымен қатар қола медаль иегерлері Ақжүрек Таңатаров, Даниял Гаджиев, Гюзель Манюрова, Марина Вольнова, Иван Дычко ат басын тіреп, жұртшылықпен жүздесті. Ольга Рыпакова мен Александр Винокуров кезекті жарысқа аттанып кетулеріне байланысты салтанатты шеруде бой көрсете алмады.

Жүздері бал-бұл жанып, кеуделеріндегі алтын медальдары күнге шағылыса ұшақтан түскен спорт жұлдыздарын ең алдымен облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ бастаған қапа жұртшылығы қарсы алды.

– Елге сыйпаған айтулы жеңістеріңіз үшін барлықтарыңызға үлкен алғысымды білдіргім келеді. Сіздерді Қазақстан халқы бейбіт күннің батырлары деп біледі. Сол жеңістердің арқасында еліміздің Әнұраны Лондон жұртшылығының құлағында жатталып қалды, сол жеңістердің арқасында көк байрағымыз Олимпиада биігіне сан мәрте көтеріліп, Қазақстанның аты бірнеше дүркін аталды. Ал Олимпиада алтынын екі мәрте кеудесіне таққан Ильяға мың да бір алғыс. Сіздер өздеріңіздің ерен еңбектеріңіз бен мұқалмас жігерлеріңізді сын сағаттарда жани отырып әлемдік спорт сахнасында қазақ елінің шоқтығын биіктеттіңіздер. Азуын айға білеген алыптардың арасынан біздің мемлекет алдыңғы 12-ші орыннан көрінетінін ешкім де күтпеген еді. Бұрынғы Кеңес Одағы және Шығыс Еуропаның көптеген елдері бізден кейінгі орындарға табан тіреді. Бұл жеңіс – Сіздердің еңбектеріңізбен келген жеңіс. Біздің аймақ Олимпиада чемпиондарын алғашқы болып қабылдап отыр, шығысқазақстандықтардың атынан Сіздерге тағы бір мәрте ризашылығымды білдіргім келеді, – деді өз сөзінде аймақ басшысы.

Ата дәстүрімізге сәйкес, келген қонақтарымызды әжелер шашумен қарсы алды. Қашанда көңілді жүретін жүзі жарқын Илья Ильин: «Осы апаларымыз пісірген бауырсақтан тәтті дәм жоқ» деп ағынан жарылды. «Жарайсыңдар, батырлар!!!» деп жан-жақтан айғайлаған жұртқа қолтаңба беруден спортшылар да еш жапыққан жоқ. Қаумалаған жанкүйерлерімен суретке түсу чемпиондарға да үлкен қуаныш сыйлайтын сияқты. Өз салмағынан бірнеше есе ауыр зіптемірлерді оп-оңай көтеретін шынашақтай Зүлфия Чиншанпо қаумалаған халықтың арасынан көрінбей қалып жатса, еңгезердей Иван Дычко сонадайдан көзге шалынады. Серік Сәпиевтің ринг алаңындағы ерлігіне разы болған халықтың боксшыға деген ықыпасы ерекше. Баркер кубогының иегерімен суретке түсіп қалуға талпынған жұртта есеп жоқ. Серік Сәпиев айтады:

– Ұшақтан біраз шаршаңқырап түскенмен Шығыстың қонақжай халқы, олардың бізге деген құрметі көңілімізді көкке көтеріп тастады. Маған шаршы алаңда күш-қуат берген де осы халқым еді.

Қазақша сайрап тұрған боксшы қыз Марина Вольнова да өзінің жүрежарды лебізін мемлекеттік тілде жеткізді. «Мені қолдаған барлық Қазақстан жұртына шын көңілімнен рақметімді айтамын» дейді ол. Қызылорданың Қазалы ауданында туған Марина бала кезінен қазақша сөйлеп өсіпті.

Бұдан соң спортшылар легі арнайы чемпиондарға арналған төбесі ашық көпідте қала көшелерін тік тұрып аралады. Жапаулары желбіреген салтанатты шерудің қатарынан қала байкерлері де қалған жоқ. Чемпиондар кортежі әуежайдан бастап Тәуелсіздік даңғылының бойымен сап түзей қозғалды.

– Жол бойы жеңімпаздарға қошемет көрсетіп қол бұлғаған халық спортшыларға деген ыстық ықыластарын аяп қалған жоқ.

– Даңғыл бойымен чемпиондардың өтетінін ести салысымен барлық шаруамды тастай салып, келіп тұрмын. Олар – нағыз батырлар! Спортшылар еліміздің барлық аймақтарымен жүздесетін болса, ең алғашқы шерулерін Шығыстан бастап жатқандарына қуаныштымын. Оларға спортта сәттілік тілеймін, жеңімпаздар жасай берсін. – дейді Өскемен қаласының тұрғыны Дархан Қасенов.

Ұлыпар рухына тағзым етуді қасиетті парыз санаған Олимпиада жүлдегерлері қала көшелерімен қозғала келе Республика алаңына келіп, Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Күллі қазақтың данышпаны саналған ұлы ақынның тас мүсініне тәу етіп болған соң спортшылар шеруі Ертіс жағалауын бетке алды.

Талағайлардың әрқайсысына бір миллион теңге тарту етілді

Ертіс жағалауындағы амфитеатр алаңында ине шаншар жер болмады. Олимпиада чемпиондарын көруге Өскемен тұрғындары мен қонақтары көптеп жиналыпты. Осында орнатылған сахна төрінде еліміздің абыройын күллі әлемге асқақтатқан сайыпқырандарымызға құрмет көрсету рәсімі өткізілді.

– Құрметті Олимпиада жүлдегерлері! Қадірлі жерпестер! Бүгін – Шығыс Қазақстан өңірінде тарихи күн. Тұңғыш рет біздің өңірімізге, Өскемен қаласына кешегі Лондонда өткен Олимпиада чемпиондары келіп отыр. Бұл – біздің облыс үшін көрсетілген үлкен құрмет. Менің ойымша, Олимпиада жүлдегерлерінің осы сапары жастарға спортпен айналысуға үлкен рух, күш бермек. Елбасымыздың қолдау-қамқорлығын сезінген спортшыларымыз байрақты бәсекелерде ағарып алдан көрініп жүр. Биылғы Олимпиада Қазақстанның күш-қуатын барша әлемге тағы бір мәрте танытты. Қоржынға жеті алтын, бір күміс және бес қола медаль салған еліміздің командасы жалпы есепте 12-ші орын алды, бұл – расында да керемет көрсеткіш. Тіпті, Еуропаның дамыған елдері Қазақстанның соңында қалып қойды. Ал, Кенді Алтайдың аруы, жеңіл атлет Ольга Рыпакова үш қарғыл секіруден Олимп шыңын бағындырып, Шығыстан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды. Сол жағалауда салынып жатқан жеңіл атлетикалық манежге Ольганың есімін беруді ұйғарып отырмыз. Күні ертең ол жерде талай чемпиондар тәрбиеленіп шығары анық. Жеңістеріңіз үшін Сіздерге Шығыс Қазақстан халқының атынан мың да бір алғыс! Сіздердің арқаларыңызда әлемдік спорттық додада бірнеше рет еліміздің байрағы көкте желбіреп, Әнұранымыз шырқалды, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Бұдан соң аймақ басшысы қазақ елін тәрткүл дүниеге танытып, мәртебесін асырған ұл-қыздардың әрқайсысына бір миллион теңгенің сертификатын және облыс Әкімінің алғыс хатын салтанатты түрде табыс етіп, келесі 2016 жылы Бразилияда өтетін Олимпиада ойындарында да дәл осындай жетістік, сәттілік тіледі.

Олимпиада жүлдегерлері де өз кезегінде Шығыс жұрты тарапынан көрсетіліп отырған осындай құрмет пен қошемет үшін ақжарма алғыстарын білдіріп жатты. Ал, салтанат соңы мерекелік концертке ұласты. Эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концерт түнгі он бірге дейін жалғасып, соңында мерекелік отшашу атылған-ды.

Осыдан кейін бағдарлама бойынша олимпиадашылар «Қазақстан» жазуы көз тартып, көк байрағымыз желбіреп тұрған қала іргесіндегі тау басына бет алды. Спортшылар Өскемен алақандағыдай көрінетін осы жерде әсем қаламызды тамашалап, жанкүйерлерімен, қала тұрғындарымен бірге естелік суретке түсіп жатты. Ал, аймақ басшысы Олимп шыңын бағындырған толағайларға әрқашан осындай биіктен көріне берулеріне тілектестік білдірді. Елдігімізді айғақтап, рухымызды асқақтатып тұрған бұл алаңда Лондон Олимпиадасының жүлдегерлері жастарға Үндеу жариялады.

– Бүгін біз – Лондонда өткен Олимпиада ойындарының жеңімпаздары, Шығыс Қазақстан жеріндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері тауында тұрып, мемлекетіміздің жас ұрпақтарына Үндеу жариялауға мүмкіндік алғанымызға өте қуаныштымыз. Сіздер – еліміздің болашағысыздар, біз сияқты батыр, мықты және алғырсыздар. Біз барша жастарды салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен белсенді айналысуға, елінің патриоты болуға шақырамыз, – делінген Үндеуде. Оның мәтінін Серік Сәпиев пен Светлана Подобедова қазақ және орыс тілдерінде оқып шықты.

Осылайша, жеңімпаздар шеруі Шығыс жерінен басталып кетті. Өңір басшысы Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ шақыруымен келген толағайларымыздың бұл сапары өскепең ұрпақ үшін тәлім-тәрбиесі мен өнегесі мол іс-шара болғаны анық.

**Дарын Нұрсапаров,
Ержан Әбіш**